

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертiккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

Күшiн жойған

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2005 жылғы 4 сәуiрдегi N 299 Қаулысы. Күшi жойылды - Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - ҚР Үкiметiнiң 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Қаулысымен.

"Әдiлет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңы 29-2-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкiметi **ҚАУЛЫ ЕТЕДi:**

1. Қазақстан Республикасы әдiлет органдарының қылмыстық-атқару жүйесi қызметкерлерiне қызметтiк мiндеттерiн немесе қызметтiк борышын атқару кезеңiнде мертiккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бiржолғы өтемақы төлеу ережесi бекiтiлсiн.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрi

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к i м е т i н i ñ

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

4

с ә у i р д е г i

N

2 9 9

қ а у л ы с ы м е н

бекiтiлген

Қазақстан Республикасы әдiлет органдарының қылмыстық-атқару жүйесi қызметкерлерiне қызметтiк мiндеттерiн немесе қызметтiк борышын атқару кезеңiнде мертiккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бiржолғы өтемақы төлеу ережесi

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға заңнамаға сәйкес біржолғы өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Қызметкерлер мен оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу жүргізілетін жағдайлар, сондай-ақ оның көлемі "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 29-2-бабында көрсетілген.

3. Қызметкерлердің мертігу немесе қаза табу (қайтыс болу) себептері мен мән-жайларын тергеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 наурыздағы N 326 қаулысымен бекітілген Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі. V053932

2. Біржолғы өтемақы төлеу тәртібі

4. Жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссия қызметкердің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде жарақат алу немесе қаза табу (қайтыс болу) фактісін растайтын қорытынды қабылдаған сәттен бастап, Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің кадр қызметі (бұдан әрі - кадр қызметі) қызметкерді немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамды 7 күн ішінде мынадай құжаттарды ұсына отырып, осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы өтемақы төлеуге өтініш беру қажеттігі туралы жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

1) қызметкер мүгедектікке әкеп соқтырмайтын ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған), орташа немесе жеңіл мертіккен, н а у қ а с т а н ғ а н ж а ғ д а й д а :

мертігуінің ауырлығы туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (а н ы қ т а м а с ы) (к ө ш і р м е с і) ;

2) қызметкерге жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, науқастануы нәтижесінде болған мүгедектік белгіленген кезде:

денсаулығына зақым келу фактісін растайтын әскери-дәрігерлік комиссия берген қорытынды (көшірмесі);

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы анықтамасы (

нотариалды расталған көшірмесі);

3) қызметкер қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде не қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда:

біржолғы өтемақыны алуға құқығы бар адамның жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі);

қайтыс болуы туралы куәлік (нотариалды расталған көшірмесі);
неке туралы куәлік не сот органдарының алимент туралы орындау парағы (қамқоршылық туралы құжат) не мұрагерлік құқығы туралы куәлік (нотариалды расталған көшірмесі);

әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қызметкер қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда ұсынылады).

5. Қызметкер немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адам өтініш берген кезде кадр қызметі осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен ресімделуінің дұрыстығын тексереді және оны 2-қосымшаға сәйкес тиісті журналға тіркейді.

Талап етілетін құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда өтініш тіркеуге жатпайды. Бұл ретте, өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар көрсетіле отырып, тиісті түсіндірме жасалады.

6. Кадр қызметі өтінішті тіркеп әрі оған жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссия қорытындысының көшірмесін қоса тігіп, қысқа мерзімде құжаттарды Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің қаржы қызметіне (бұдан әрі - қаржы қызметі) жібереді.

7. Қаржы қызметі құжаттарды алған сәттен бастап 7 күннен аспайтын мерзімде қызметкердің немесе қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өтініш берген немесе қаза тапқан (қайтыс болған) күніне ақшалай үлесі туралы анықтаманы құжаттарға қоса тігіп, істі жинақтайды және Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысына (бұдан әрі - басшы) оны тағайындау күнін көрсете отырып, біржолғы өтемақы төлеу туралы шешім қабылдау үшін ұсынады.

8. Біржолғы өтемақы төлеуді қаржы қызметі басшы бұйрығының негізінде республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен Қазақстан

Республикасының шегіндегі алушының екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына немесе карт-шотына аудару жолымен өтініш берген сәттен бастап екі ай ішінде жүргізеді.

9. Егер алушы кәмелетке толмаған жағдайда, онда біржолғы өтемақыны төлеу тұрғылықты жеріндегі оның екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына немесе карт-шотына аудару жолымен бұл туралы қамқоршылық және қорғаншылық органдарын, сондай-ақ оның заңды өкілдерін бір мезгілде хабардар ете отырып, өтініш берген сәттен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

10. Алушыға біржолғы өтемақыны аударғаннан кейін тиісті журналда біржолғы өтемақының сомасы, төлем тапсырмасының күні мен нөмірі көрсетіле отырып жазба жасалады.

Қазақстан Республикасы әділет
органдарының қылмыстық-атқару
жүйесі қызметкерлеріне қызметтік
міндеттерін немесе қызметтік
борышын атқару кезеңінде мертіккен
кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс
болған) жағдайда оны алуға құқығы
бар адамдарға біржолғы өтемақы
төлеу ережесіне

1-қосымша

Кімге _____

(мекеме (ұйым) басшысының лауазымы,
арнайы атағы, тегі және инициалдары)

(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты)

_____ мекен-жайда тұратын

өтініш берушінің СТН _____

Біржолғы өтемақы төлеуге

өтініш

Сіздің маған _____

(біржолғы өтемақы төленуге тиіс жазатайым
оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты біржолғы өтемақы төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиесілі соманы _____

(банктің атауы, банк СТН, банк ҚОО, алушының жеке шотының

№ немесе байланыс бөлімшесі арқылы аударылған жағдайда оның

аударуыңызды өтінемін.

мекен-жайы көрсетіледі)

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____

200_ж. "___" _____

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттар 200_ж. "___" _____ қабылданды.

Қолы _____

(қабылдаған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесіне

2-қосымша

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы

төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналы

Өтініштің түскен күні	Мертіккен, соның ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты мекен-жайы	Қызметкер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақыны алуға құқығы бар адамның Т.А.Ә., оның мекен-жайы	Біржолғы өтемақыны төлеу себебі (қайтыс болуы, мүгедектігі, ауыр, орта немесе жеңіл мертігуі, сырқаты)	Бір-жолғы өтемақы сомасы	Төлем құжатының № және күні
-----------------------	---	--	--	--------------------------	-----------------------------

1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК